







**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Көрсетілетін қызметтерді өндіру процестеріне шығындар мен тартылған активтерді бөлу туралы есеп (индекс-БЕ-Мұнай-10, кезеңділігі: жылдық)**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) қызметтерді өндіру процестеріне шығындар мен тартылған активтерді бөлу туралы есебін даярлауға арналған.

2. Субъектілер әр қызмет түрі бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүзеге асырады.

3. Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер ондық белгісіз мың теңгеде толтырылады.

4. Есепке субъектінің басшысы және бас бухгалтері қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Осы Есеп үш кезеңге бөлінеді. 1 кезеңде Субъектінің шығындары, 2 кезеңде – Субъектінің активтері, 3 кезең – амортизация көрсетіледі.

6. 1-бағанда субъектінің бөлу объектілерінің атауы келтірілген.

7. 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-бағандарда Есептің барлық жолдарында субъектінің көрсетілетін қызметтерді өндіру процестері көрсетіледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметтерді өндіру процестері 3 кезеңге бөлінеді: 1) өндірістік процестер; 2) қызмет көрсетуші процестер; 3) менеджмент процестері.

1) өндірістік процестер – қызметтерді өндіруге және көрсетуге тікелей бағытталған процестер;

2) қызмет көрсетуші процестер – нәтижесі өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын көрсетілетін қызметтерді өндіру процестері;

3) менеджмент процестері – кәсіпорынның қызметін талдауды, барлық кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруді қамтитын көрсетілетін қызметтерді өндіру процестері.